



7 наурыз 2014 ж.

## «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ «ОАЭК» АҚ-ның 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған 12 ай және 4-квартал үшін Өндірістік есебі.

### 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл және төртінші кварталдың негізгі көрсеткіштері:

- 2013 жылы Корпорацияның бөлімшелері бойынша электр энергиясын генерациялау көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артты. Өндірістің өсуі 2013 жылдың төртінші кварталында Петропавл 2-ЖЭО-нда №4 турбогенераторды пайдалануға беру арқасында орын алды.

Жылу энергиясы өндірісінің көлемі 2013 жылдың төртінші кварталында 2012 жылдың төртінші кварталымен салыстырғанда, сыртқы ауа температурасының жоғары болуына байланысты, 5%-ға төмендеді.

- Электр және жылу энергиясын тасымалдау және тарату көлемі өткен жыл деңгейінде сақталды.
- Компанияның 2013 жылдың 12 айы бойынша қаржылық нәтижелері 2012 жылдың 12 айымен салыстырғанда, төмендегіше:

Компанияның өнім өткізу және қызмет көрсетуді қоса алғандағы табысы 11,5%-ға өсті. Оның ішінде:

- электр энергиясын өткізуден түскен табыстар өткізу көлемі бойынша 13%-ға;
- жылу энергиясын өткізуден түскен табыс 7%-ға.

Өткізілген өнімнің өз құны шикізат, материал шығыны, қосалқы ұйымдар қызметі, өндіріс қызметкерлері еңбекақысын төлеу қорының өсуі есебінен 7%-ға артты. «ОАЭК» АҚ кәсіпорындары бойынша бір адамның жалақысының өсімі орта есеппен 20-45 %-ды құрады.

	Өлшем бірлігі	IV кв. 2013	IV кв. 2012	IV кв. 2013/IV кв. 2012 (%)	2013 ж.	2012 ж.	2013/2012 (%)
<b>ЕБИТДА</b>	<b>мың тг</b>	<b>5 727 067</b>	<b>4 538 601</b>	<b>26</b>	<b>18 538 584</b>	<b>14 453 410</b>	<b>29</b>

- 2013 жылы жалпы күрделі қаржы шығын көлемі 24,5 млрд. теңгені құрады. Инвестициялар негізгі өндіріс активтерін жаңғырту, жаңалау және жөндеу жұмыстарына бағытталды.

*«Электр және жылу энергиясын генерациялау» сегменті бойынша күрделі қаржы шығынын игеру 20,8 млрд. теңгені құрады:*

- 2013 жылдың желтоқсанында Петропавл 2-ЖЭО-нда қуаттылығы 63 МВт №4 станциялық жаңа турбоагрегат пайдалануға берілді;

- Павлодар 3-ЖЭО-нда қуаттылығы 75 МВт №2 станциялық жаңа турбоагрегатты монтаждау жұмыстары басталды.

*«Электр энергиясын тасымалдау және тарату» сегменті бойынша күрделі қаржы шығынын игеру 1,8 млрд. теңгені құрады:*

- электр желілерін қайта құру, жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру жобасын жүзеге асыру жұмыстары жалғасып, Электр энергиясы Коммерциялық Есебінің Автоматтандырылған Жүйесі (АСКУЭ) мен мәлімет жинау және тарату жүйесі құрылды.

*«Жылу энергиясын тасымалдау және тарату» сегменті бойынша күрделі қаржы шығынын игеру 1,5 млрд. теңгені құрады:*

- Алдын ала оқшауланған құбырларды қолдану арқылы магистральді жылу желілерін қайта құру жобасын жүзеге асыру жалғасуда.

«ОАЭК» АҚ өндіріс жұмысын автоматтандыру» жобасын жүзеге асыру жалғасын тауып, оның аясында Корпорация кәсіпорындары саладағы ең үздік өндірістік активтерді басқару жүйесі – «VENTYX Ellipse» жүйесін қолданысқа енгізуде. Бұл бағыттағы күрделі қаржы шығындарын игеру 360 млн. теңгені құрап, жүйе «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда тәжірибелік-өндірістік қолданысқа енгізіліп, 2013 жылдың қазанында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда жүйенің таралымы басталды.

Жақында болған оқиғалар

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ турбинаның бекітілген қуатын 2 есе арттыруға мүмкіндік берген 2-ЖЭО-нда №4 турбогенераторды қайта құру және жаңғырту жобасын аяқтады. Осылайша, турбина пайдалануға берілгеннен кейін станцияның бекітілген электр қуаты 410 МВт, жылу қуаты 874,8 Гкал/сағатты құрады. Қосымша электр энергиясы өндірісі жыл ішінде 388,8 млн. кВт/сағатқа жетеді.

*«Соңғы кварталда «ОАЭК» АҚ электр энергиясы өндірісінің жоғары деңгейіне шығып, тамаша көрсеткіштерге қол жеткізді. 2013 жылы өндіріс қуаты мен көлемін арттыруға 2009-2018 жылдарға қабылданған, жалпы бюджеті 1 млрд. АҚШ долларын құрайтын «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ өндірістік қорларын қайта құру, жаңалау және жаңғырту ауқымды инвестициялық бағдарламасы аясындағы жобаларды сәтті жүзеге асыру арқасында қол жеткізді. Инновациялық бағдарлама аясындағы жұмыстар жалғасып жатыр, біз Корпорацияның үдемелі дамуын мақсат етіп қойып отырмыз».*

***Е. А. Әмірханов, «ОАЭК» АҚ Президенті***

Қосымша ақпарат үшін:  
«ОАЭК» АҚ қоғаммен байланыс департаменті  
Пирогова Арина + 8 (727) 326 95 12  
Аманжолов Нұрболат

*«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ*

## Жұмыс сегменттері бойынша көрсеткіштер

### «Электр энергиясын генерациялау» сегменті

2013 жылы Корпорацияның бөлімшелері бойынша электр энергиясының өндіріс көлемі 6137,5 млн. кВтс құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артты. Өндірістің өсуі 2013 жылдың төртінші кварталында Петропавл 2-ЖЭО-нда №4 турбогенераторды пайдалануға берумен және 3-ЖЭО-ндағы №4, №6 турбогенераторларда жөндеу жұмыстары себепті 2012 жылдың төртінші кварталында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бөлімшелерінің төмен электр энергиясы өндірісі көрсеткіштерімен байланысты.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ГЕНЕРАЦИЯЛАУ	Өлшем бірлігі	IV кв. 2013	IV кв. 2012	IV кв. 2013/IV кв. 2012 (%)	2013 ж.	2012 ж.	2013/2012 (%)
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>млн.кВтс</b>	<b>1810,6</b>	<b>1502,1</b>	<b>20,5</b>	<b>6137,5</b>	<b>5572,0</b>	<b>10,1</b>
"ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ	млн.кВтс	1033,5	815,2	26,77	3534,4	3162,0	11,7
"СЕВКАЗЭНЕРГО" АҚ	млн.кВтс	777,1	686,9	13,2	2603,1	2410,0	8,0

### «Жылу энергиясын генерациялау» сегменті

2013 жылы жылу энергиясының өндіріс көлемі 6131,7 мың Гкал. Құрап, 2012 жылмен салыстырғанда, 5%-ға төмендеді. Төмендеу себебі – 2013 жылдың төртінші кварталында сыртқы ауа температурасының жоғарылауы болды. 2012 жылдың аталған мерзімінде Қазақстанның солтүстік аудандарында ауа температурасы орта есеппен (-7,6)C<sup>0</sup> құраса, 2013 жылғы көрсеткіш – (-0,8)C<sup>0</sup>.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ГЕНЕРАЦИЯЛАУ	Өлшем бірлігі	IV кв. 2013	IV кв. 2012	IV кв. 2013/IV кв. 2012 (%)	2013 ж.	2012 ж.	2013/2012 (%)
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>мың Гкал.</b>	<b>2070,2</b>	<b>2363,8</b>	<b>-12,4</b>	<b>6131,7</b>	<b>6454,2</b>	<b>-5,0</b>
"ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ	мың Гкал.	1496,2	1651,9	-9,4	4341,1	4536,2	-4,3
"СЕВКАЗЭНЕРГО" АҚ	мың Гкал.	574,0	711,8	-19,4	1790,5	1918,0	-6,7

**«Электр энергиясын тасымалдау және тарату» сегменті**

Электр энергиясы	Өлшем бірлігі	IV кв. 2013	IV кв. 2012	IV кв. 2013/IV кв. 2012 (%)	2013 ж.	2012 ж.	2013/2012 (%)
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>млн.кВтс</b>	<b>976,2</b>	<b>901,0</b>	<b>7,9</b>	<b>3455,9</b>	<b>3424,3</b>	<b>0,9</b>
"ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ	млн.кВтс	644,0	591,5	8,9	2283,2	2242,9	1,8
"СЕВКАЗЭНЕРГО" АҚ	млн.кВтс	328,1	309,5	6,0	1172,7	1181,5	-0,7

**«Жылу энергиясын тасымалдау және тарату» сегменті**

Жылу энергиясы	Өлшем бірлігі	IV кв. 2013	IV кв. 2012	IV кв. 2013/IV кв. 2012 (%)	2013 ж.	2012 ж.	2013/2012 (%)
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>мың Гкал.</b>	<b>1638,6</b>	<b>1664,3</b>	<b>-1,5</b>	<b>4408,2</b>	<b>4423,0</b>	<b>-0,3</b>
АО "ПАВЛОДАРЭНЕРГО"	мың Гкал.	1195,8	1185,1	0,9	3150,8	3123,8	0,9
АО "СЕВКАЗЭНЕРГО"	мың Гкал.	442,8	479,2	-7,6	1257,4	1299,2	-3,2

**Анықтама:**

«Орталық-Азия электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы – вертикалды түрде біріктірілген энергетикалық компания. Қазақстанның аймағындағы еншілес компанияларының қатарына қуатпен қамсыздандырудың барлық буыны – генерациялау, тасымалдау және өткізуді қамтитын «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ жатады. «АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС арқылы «ОАЭК» АҚ Астана қаласындағы өткізу құрылымын қадағалайды. 2014 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша, «ОАЭК» АҚ-ның белгіленген қуаты электр энергиясы бойынша – 1061 МВт, жылу энергиясы бойынша – 2 895 Гкал/сағ құрады. Электр қуатын беру желілерінің жалпы ұзындығы – 30 мың шақырымнан астам, жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 985 шақырым. Компания екі миллионнан астам адамды электр және жылу қуатымен қамтамасыз етеді.